

АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗЫЛЫМНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫ КОНТЕНТІН ДАЯРЛАУҒА АРНАЛҒАН ТІЛДІК МОДЕЛЬДЕР

Одано́ва С.А.^{1, *} Молдабаева Қ.Е.²

¹Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессор қызметін атқарушы, филология ғылымдарының кандидаты, Алматы, Қазақстан.

* ²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

¹e-mail: sagira68@mail.ru

^{*2}e-mail: k.moldabaeva@aves.kz

Аңдатпа. Мақалада академиялық жазылым қамтитын жазу түрлеріне жататын эссе, ғылыми- зерттеу жұмысы, ғылыми жоба, стартап жоба, әлеуметтік, ғылыми баяндама, дипломдық жұмыс, ғылыми мақаланың жазылуына қойылатын талаптар, олардың жазылу жолдарын үйретуді, әдіс-тәсілдерін көрсетуді басшылыққа ала отырып құрастырылып, даярланған тілдік модельдерді, ғаламтордың мүмкіндіктерін пайлана отырып, көпшілікке ұсыну мақсатында қолданысқа ие бола алатын тілдік үлгілерді саралау және талдау жолдары баяндалады. Академиялық жазылым қамтитын жазба жұмыстарды негізге ала отырып электронды контент жасау қазіргі заман талабынан туындап отырған шара екендігі ескеріле келе, электронды контент жасаудың мақсат - міндеттері сипатталып, үлгілердің түрлеріне аналитикалық талдау жасалып, «модель» ұғымына анықтама беріледі. Авторлар тілдік үлгілердің түріне, санатына, жіктеліміне қарай сараптама жасап, үлгілердің мақсатына қарай, ғылыми танылымда, білімде, жүйелер жасауда және жүйелерді басқару барысында қолданылатын модель түрлеріне жіктей келе, түрлері бойынша саралайды. Сонымен қоса, уақытқа байланысты үлгілердің түрлеріне жүйелік үлгілер, динамикалық, функционалдық үлгілер жатқызылса, тілдік үлгілердің келесі түрі кестелік үлгілер, метафорикалық үлгілер, метонимиялық үлгілер түріне жіктеліп, оларға сипаттама беріледі. Зерттеу барысында сәйкестік қағидасы бойынша модельдің шешілетін мәселе талаптарына сай келуі, құрастырылған модель жүйесінің маңызды қасиеттерін сақтай отырып құрылымын жеңілдету сияқты тілдік үлгілер құру барысында сақталуы тиіс қағидалар қарастырылды. Зерттеу нәтижесінде функционалдық үлгілердің жазылым түрлерінің үлгілерін жасау үшін тиімді екендігі анықталып, олардың аналитикалық және синтетикалық түрлеріне анықтама беріліп, артықшылықтары мен кемшіліктері сараланды.

Тірек сөздер: академиялық жазылым, электронды контент, лингвистикалық модель, функционалдық модель, құрылымдық модель, желі конструкторы.

Негізгі ережелер

Қазіргі таңда академиялық жазылым пәні шет елдерде бұрыннан қалыптасып, ғылымның бір саласы ретінде толығымен зерттеліп, қолданыс тауып жүргенімен, Қазақстанда, оның ішінде қазақ тілінде, бұл сала әлі де барлық қырынан ашылып, толығымен зерттелді деп айтуға ертекерек десе де болады.

Академиялық жазылымның теориясы берілгенімен, оның практикалық қырлары әлі де болса зерттеуді қажет етеді.

Жоғарыда келтірілген ақпаратты саралай келе, зерттеуіміздің өзектілігі ретінде төмендегі тұжырымдарды келтірсек болады.

Егер, академиялық жазылымның барлық түрлері үлгіге салынып, ғаламтор парақшаларында көрініс тауып, youtube арнасында жазылу үлгісін үйрететін сабақтар қамтылған бағдарламалар жүктелсе, ізденушіге тиімді болар еді. Сонымен қатар, академиялық жазылым дағдыларын сатылай үйрететін дайын тілдік конструкторлар көпшілікке ұсынылса, қазақ тілінде жазбаша коммуникацияға түсетін тұлғаларға пайдасы зор болар еді.

Зерттеуіміздің тағы бір өзектілігі, білімге тигізер пайдасы. Мектеп қабырғасында білім алып жүрген оқушылар желіде ұсынылған бағдарламалар, үлгілер арқылы өздерінің ғылыми стильде жазу дағдыларын қалыптастырып, ғылыми сауаттылықтарын арттыра алады. Ғылыммен айналысып жүрген бакалавр және магистрлік бөлім студенттерінің ізденістері жеңілдеп, олардың зерттеу нысандарына көбірек көңіл бөлулеріне мүмкіндік туындар еді.

Академиялық жазылым түрлерін модельдеу тек білім-ғылымға ғана емес, сонымен қоса, қоғамға да пайдалы болмақ, нақтырақ айтсақ, ғылыммен айналыспайтын тұлғалардың да ғылыми стильде құжат толтыратын кездері болады, сол кезде олар әрине, ең алдымен ғаламтор көздеріне жүгінеді. Егер ғаламтор желісінде академиялық жазылымға байланысты барлық ақпараттың үлгісі ашық қолданыста ұсынылса, еңбек адамдары уақыттарын үнемдеп, қажетті құжаттарын қатесіз толтыруға мүмкіндік алады.

Қорыта айтқанда, академиялық жазылым түрлерінің үлгілерін даярлап, тілдік конструкторларды ғаламтор арқылы көпшілікке ұсыну, инстаграм, фейсбук, твиттер парақшалары арқылы парақшалар ашу, ютуб арнасынан бейне баяндар даярлау қазақ тілінде ғылыми стильді жоғары деңгейде қолдануға, ізденушілердің жұмысын жеңілдетуге, көпшіліктің академиялық сауаттылығын арттыруда қажет болады.

Зерттеуіміздің мақсаты: бакалавриат, магистратура, докторантура бөлімдерінде қамтылатын барлық ғылыми жазба жұмыстарына қойылатын талаптарды анықтай отырып, академиялық сауаттылықты арттыруға үлес қосатын, ізденушінің жұмысын жеңілдететін тілдік үлгілер даярлап, академиялық жазылымның электронды контентін ұсыну.

Осы мақсатқа жету жолында келесі міндеттерді шешу жоспарланып отыр:

- академиялық жазылым тақырыбына қалам тартқан отандық, жақын және алыс шетелдегі ғалымдардың еңбектеріне зерттеу жүргізу;

- академиялық жазылым аясына енетін барлық ғылыми құжаттарға сараптама жасай отырып, құжаттардың қазақ тіліндегі жазылу, толтырылу ерекшеліктерін айқындау;

- ғылыми стильдегі жазылым түрлерін модельдеу арқылы олардың барлық түрлеріне тілдік үлгілер жасау;

- ғаламтор желісі арқылы ғылыми жұмыс атқаратын тұлғаларға парақша даярлап, youtube арнасынан бейне сабақтар ұсынып, желі конструкторлары арқылы академиялық жазылым дағдыларын көпшілікке үйрету.

Кіріспе

Ғылыми білімді құру және оны тарату мәтіндік әрекет негізінде жүзеге асатыны белгілі. Ғылыми ортада білімді тарату үдерісі ғылыми - зерттеу нәтижелерін жариялау арқылы іске асса, білім беру барысында аталмыш үдеріс студенттік және біліктілік жұмыстарын жазу арқылы жүзеге асады. Ақпараттық қоғамға көшу барысында, ғылыми жарияланымдар көлемінің күрт өсуіне байланысты жазбаша коммуникация ауызша сөйлеумен салыстырғанда қарқынды даму үстінде болғандықтан, сандық технологияларды меңгеру қажеттігі туындады.

Сонымен қатар, ғылыми коммуникацияның өзі жаңа технологиялардың арқасында жаһандық сипатқа ие болып, ғылыми бағытта жүргізіліп жатқан зерттеулердің талаптарына сай болу мақсатында зерттеуші ғалымдарға ғылыми қорларда орналастырылған тезистермен жүйелі түрде танысып, өз зерттеулерін жүргізу үшін халықаралық ғылыми журналдарда жариялану қажеттігін тудырды.

Нәтижесінде, «Академиялық жазылым» орталықтары көптеп ашылып, жоғары оқу орындарында осы аттас пән міндетті компонент ретінде енгізілуде. Бұл үдеріс аталған мәселенің қаншалықты өзектілігін дәлелдеп қана қоймайды, сонымен қоса, осы мәселені ғылымды дамытудағы басты тренд ретінде айқындап, оны жетілдіру мақсатында ғылыми-әдістемелік және ақпараттық технологиялар мүмкіндіктерін қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Дереккөздермен жұмыс істеу, қажетті ақпаратты сыни бағалау және қажетті ақпаратты іріктеу қабілеті маңызды аналитикалық дағды болып табылады. Дегенмен, мәтінмен жұмыс істеу, жазу үдерісінің өзіне тікелей қатысы жоқ құрамдастарының бірі ғана болғандықтан, зерттеу жұмысы барысында мәтіннің әрбір құрамдас бөлігін, сөйлемдері мен сөздерінің логикалық құрылымын анықтай отырып, сауатты мәтін құруға қабілетті маман даярлау академиялық жазылымның негізгі міндеттерінің бірі болмақ [1, 128-134 бб.].

Қазіргі таңда еліміздің білім кеңістігінде академиялық жазылым дағдыларын қалыптастырудың заман талабына сай туындап отырған кезек күттірмес мәселелердің бірі екендігі мойындалып, теориялық және практикалық тұрғысынан зерттеліп, осы мәселеге қатысты бірқатар құнды материалдар оқырман назарына ұсынылды. Атап айтсақ, Е. Оспановтың «Академиялық жазылым негіздері» атты оқу құралы, Б.Б. Динаева, С.М. Сапинаның «Академиялық сауаттылықтың теориялық және практикалық негіздері» атты еңбектерін еліміздегі академиялық жазылымның теориясы мен практикасы мәселелерін алғашқылардың бірі болып сипаттаған еңбектер қатарына жатқызуға болады. Бірақ, бүгінгі таңда, академиялық жазылымның қыр – сыры толығымен ашылып, зерттелді деп айту ертерек, себебі, оның практикалық қырлары әлі де болса зерттеуді қажет етеді.

Атап айтқанда, академиялық жазылымның электронды контентін даярлау мәселесі осы саладағы шешімін таппаған мәселелердің бірі. Олай дейтініміз, қазіргі ақпараттық технологиялардың өркендеген дәуірінде

ғылыми стильде жазылған құжаттар толтыру барысында ізденуші ең алдымен ғаламтор көздеріне жүгінеді. Ғаламтор парақшаларында түйіндеме, рецензия, реферат жазу жолдары жалпы көрсетілгенімен, қазақ тілінде олардың жазылуына сатылай берілген ақыл-кеңес, үлгілер жоқтың қасы.

Материалдар мен әдістерді сипаттау

Академиялық жазылымның теориясын қалыптастыру алғышарттарын зерттеу барысында эмпирикалық әдіс түрлері бақылау, салыстыру әдістері қолданып, академиялық жазылымның ғылым саласында алатын орны анықталды. Атап айтқанда, академиялық жазылымның алғышарттары бола алатын пәндер сараланып, «Орфография және пунктуация негіздері», «Сөзтану ғылымының көкейкесті мәселелері», «Қазіргі қазақ әдеби тілінің өміршеңдігі», «Тіл және сөз мәдениеті», «Шешендік өнер» пәндеріне шолу жасалды. Аталған пәндердің зерттеу пәнімен ара қатынасы айшықталып, соңғысында академиялық стильдің басымдылығы, жазуға қойылатын талаптың ресмилігі, мақсат-міндеттері жазба коммуникацияға бағытталғандығы оның ерекшелігінің көрінісі болды.

Академиялық жазылымның алғышарттарын зерттеу барысында бақылау, саралау әдістерін қолдана отырып, Р.Сыздықованың «Қазақ әдеби тіл білімінің тарихы» атты еңбегін талқылай келе, академиялық жазылым, қазақ жазба әдебиетінің ұлттық кезеңіне дейінгі жартылай ғылыми әдебиет стиль және ресми іс - қағаздар және эпистолярлық немесе хат-хабарлар стильдерден бастау алатынын анықтадық. Отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектерінде зерттелу жайын анықтау барысында Баррас Х., Хайланд К., Рене Тецнер, Райнкинг, Эндрю У., Харт, Роберт фон дер Остен, Мертон Р., Бэвис С., Грин В., Крэсс Г., Снайдер А. және басқада зерттеушілердің жұмыстары қарастырылып, сараланып, Ресей зерттеушілері Бут Ю. Е., Короткина И. Б., Крутикова О.Н., Минаева И.Н., Розина И. Н сияқты зерттеушілердің еңбектерімен таныстық. Нәтижесінде, алыс -жақын шет елдерде аталған сала ХІХ ғасырдан бастау алып, дербес ғылым саласы ретінде орныққан болса, Қазақстанның білім саласында академиялық жазылым мәселелерін зерттеген еңбектер санының жетіспеушілігі, теориясы берілгенімен, практикалық тұрғыдан қарастыратын зерттеулердің, әдістемелік нұсқаулықтардың, академиялық сөздіктердің санының аздығы анықталып, ғаламтор желісіндегі осы мәселені қамтитын ақпараттар мазмұнына толықтырулар енгізуді қажет ететіндігі анықталды.

Нәтижелер

Академиялық жазылым түрлерін модельдеу мақсатында анализ және синтез, бақылау, салыстыру әдістері қолданылып, бакалавр, магистратура және докторантура деңгейлеріндегі ғылыми жұмыстардың құрылымдық және стильдік ерекшеліктері айқындалып, жазуға және рәсімдеуге қойылатын негізгі талаптар сараланды, эссе, ғылыми - зерттеу жұмысы, ғылыми жоба, стартап жоба, әлеуметтік, ғылыми баяндама, дипломдық жұмыс, ғылыми негіздеме, ғылыми мақала түрлеріне қойылатын талаптар анықталды.

Мысалы, жоғарғы аттестациялау комиссиясының ғылыми мақала жазуға қоятын талаптарын негізге ала отырып, төмендегідей тұжырымға келдік.

Ғылыми - зерттеу жұмысының нәтижелерін орынды ұсыну үшін, ең алдымен оның мақсатын анықтау керек. Зерттеу жұмысының нәтижелерін ұсынудың негізгі мақсаты: нәтижелерді тексеруден өткізу, алынған ғылыми нәтижеге автордың құқығын дәлелдеу және ғылыми қоғамдастыққа ақпарат тарату болып табылады. Таратылатын ақпарат анық, негізделген, түсінікті тілде сипатталған болуы керек. Ғылыми мақаланың құрылымына және ғылыми жұмыстарды жариялауға ұсынылған басылымдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің 2016 жылдың 12 ақпанындағы № 20 бұйрығында бекітілген.

Эксперимент және үлгілер әдістерін қолдана отырып, ғылыми стильдегі жазылым түрлерін модельдеудің жолдары сараланып, ғаламтор желісі арқылы жұмыс атқаратын тұлғаларға арналған парақшалардың құрылымы, Youtube арнасына арналып даярланатын бейне сабақтар және конструкторлардың мазмұндары мен құрылымдары пішінделді. Мысалы аңдатпа жазудың төменде берілген талаптары ескеріле отырып, үлгі құрастырылды.

Аңдатпада келесі ақпарат қамтылмауы тиіс:

- қысқартулар, егер олар стандартты немесе түсіндірілген болмаса;
- мақаладағы кестелерге немесе суреттерге сілтемелер;
- әдебиеттерге сілтемелер;
- мақалада қамтылмаған кез-келген ақпарат немесе қорытынды;
- жалпы ережелер;
- күрделі, түсініксіз сөз тіркестері.

Жоғарыда қамтылған ақпарат негізінде даярланған үлгі, ғылыми мақала жазу талаптары бойынша құрастырылған үлгілердің қатарына енгізіліп, жазудың барлық түрлеріне арнап даярланған үлгілер, модельдер кешенін құраудың негізін қаламақ.

Академиялық жазылымның ғылым саласында алатын орны анықталып, мәселенің отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектерінде зерттелу жайына шолу жасалып, бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейінде ғылыми жұмыстардың құрылымдық және стильдік ерекшеліктері сараланғаннан кейін, зерттеу нәтижелерінің негізінде тілдік үлгілер даярлау мақсатында олардың түрлеріне аналитикалық талдау жасалып, «модель» ұғымына анықтама берілді. Нәтижесінде, модель - нақты физикалық нысанды немесе үдірісті, теориялық құрылымды модельдеу мақсатында, нысанның маңызды қасиеттерін бейнелейтін мәліметтердің реттелген жиынтығы болып табылатыны анықталды. Модельдеу адамзат қызметінің үш түрлі саласында - ғылыми білімде, білім беруде және жасанды жүйелерді құруда қолданалытындығы, модель түпнұсқаның күйі мен динамикасын зерттеу құралы ретінде қолданылып, ешқашан түпнұсқаны толық суреттеп бермейтіні, оны жалпылай сипаттап, әр- түрлі жолдармен түсіндіруге мүмкіндік беретіні анықталды [2, 112-118 бб.].

Үлгілердің тілдік бірліктердің семантикасын ұйымдастыруда, динамикалық үдерістердің, дискурстың құрылымын анықтауда қолданылуы зерттеледі. Тілдік үлгілерге түріне, санатына, тобына қарай жіктеме жасалды. Мақсатына қарай ғылыми танылымда қолдану, білімде қолдану, жүйелер жасауда қолдану және жүйелерді басқару барысында қолданатын үлгілер, уақытқа байланысты құрылымдық үлгілер, динамикалық, функционалдық деп бөле отырып, тілдік модельдерді кесте түріндегі үлгілер, метафорикалық үлгілер, метонимиялық үлгілер деп жіктедік.

Өткен ғасырдың 70-жылдарында Мәскеу семантикалық мектебінің жетекшісі Ю.Д. Апресянның қарастырған лингвистикалық үлгілерінің келесі типологиясы сараланып, олардың жазу түрлерін үйретудегі тиімділіктері анықталды.

Ұсынылған үлгілерді келесі топтарға бөлуге болады.

Нақты тілдік үдерістер мен құбылыстар нысан ретінде әрекет ететін үлгілер. Оларды адамның сөйлеу әрекетінің үлгілері немесе адамның сөйлеу әрекетіне еліктейтін тілді меңгеру үлгілері деп қарастырса болады.

Лингвистің зерттеу қызметіне еліктейтін үлгілер, оларды зерттеу үлгілері деп те атайды. Бұл үлгілердегі нысандар белгілі бір тілдік құбылысты ашуға жетелейтін рәсімдер ретінде таныс.

Теория үлгілердің көмегімен түсіндірілетінін ескере отырып, оларды қолданылу мақсаттарына қарай мақсатты модельдеу, функционалды модельдеу, құрылымдық модельдеу, динамикалық модельдеу сияқты түрлерге бөлінетінін анықтадық.

Мақсатты модельдеуге ғылым саласындағы туындаған мәселелерді түсіну үшін, белгілі білімді беру үшін құрастырылған үлгілерді жатқызсақ, ғылыми жобалаумен байланысты зерттеулерге арнап нормативтік үлгілерді аламыз.

Құрылымдық үлгілерге түптұлғаның құрамдас бөліктерінің жиынтығын және оның өзіндік қасиеттерін көрсететін үлгілерді жатқызамыз. Құрылымдық модельдің мысалдары ретінде сызба, алгоритмнің блок-кестесі, периодтық жүйені атауға болады.

Динамикалық үлгілерге уақытқа байланысты өзгертін, ережеге сүйене отырып, дифференциалдық теңдеулерді шешу негізінде құрылатын және басқару мен болжауды анықтауда қолданылатын үлгілерді жатқызамыз [3, 124-126 бб.].

Функционалды үлгілерге түптұлғаның күйінің уақыт бойынша қалай өзгертіндігін көрсететін технологиялық үлгілерді, мысалы үдерістің компьютерлік көрнекілігі, заттың жұмысын көрсететін макет, протез және басқаларын жатқызамыз.

Функционалды үлгілер белгілі бір объектінің мінез-құлқын, процестің барысын немесе белгілі бір құбылыстың іске асырылу кезеңдерін зерттеуге мүмкіндік береді. Мысалы, белгілі бір мәтінді даярлау үдерісін модельдеу қажет болса, функционалды модель құрылады.

Нысанды, үдерісті немесе құбылысты шартты түрде сипаттаудың әр түрлі тәсілдеріне формулаларды, кестелерді, сызбаларды, табиғи тілдегі

сөйлемдер жиынтығын және басқаларын жатқызамыз. Осы тәсілдердің жиынтығы компьютердің көмегімен алгоритмдік есептер шығарудың негізін құрайды [4,34-36 бб.].

Талқылау

Зерттеу барысында тілдік модель құрастырудың жолдарын саралай отырып, модельдеу әдісі белгілер жүйесіне негізделгенімен, тіл белгілер жүйесінің өзі болғандықтан, біз сөздерді сөздермен модельдейтінімізді, кез-келген модель, оның ішінде лингвистикалық үлгілер, ресми түрде құрастырылуы тиіс екендігін анықтадық. Егер, біз мәлімдемелерді байланыстыратын бастапқы нысандарды және олармен жұмыс істеу ережелерін анықтаған жағдайда, модель ресми болып саналады.

Тілдік модельдердің теориялық тұрғыдан сипатын анықтау кезінде ресмилік, нақтылық, бір мағыналық модельдің теориялық тұрғыдан қарастырғандағы қасиеттері болып табылатынын ескеру қажет. Бұл қасиеттің өзі, ресмилік теориясының болжамдарының шынайы эксперименттік мәліметтермен сәйкес келуін қамтамасыз етпейді. Теорияның дәлдігі оны растауға немесе теріске шығаруға қабілетті бірмәнді тәжірибелер орнатуға мүмкіндік береді, дегенмен, теорияның дәлдігі мен ақиқаттығы арасында қажетті логикалық байланыс жоқ және болуы да мүмкін емес.

Зерттеушілердің пайымдауынша, модельдеу адамның дербес компьютермен қарым-қатынасын ресми түрде көрсетуге бағытталған компьютерлік лингвистиканың бағыты болып табылады. Табиғи тілді өңдеудің барлық жүйелерінде адамның диалогын қамтамасыз ететін құрамдас бөлігі талап етілуі керек, табиғи тілде коммуникация үлгісін құрудың бұл бағыты жасанды интеллект - адам мен компьютердің өзара әрекеттесуі шеңберінде дамиды[5, 12-18 бб.].

Ғалымдардың пайымдауынша, тағы бір көңіл бөлуге тұрарлық үлгілердің бірі, сюжеттік құрылымды модельдеу, ресми лингвистикалық үлгілерге сюжеттің құрылымын модельдеу шеңберінде жасалған үлгілер жатады.

Сюжетті модельдеуге арналған компьютерлік бағдарламалар үш негізгі бағытқа негіздей отырып үлгіні түпнұсқаны сипаттайды:

- сюжеттің морфологиясы;
- синтаксисті құру;
- сюжеттің танымдық жағы.

Сюжетті синтаксис үлгісінің негізіне сипаттамалық грамматика арқау болды. Олар 70-жылдардың ортасында Хомскийдің генеративті грамматикасы негізінде пайда болды. Сюжетті грамматика оқиға, эпизод және қатынас ұғымдарын негізгі бірліктер ретінде ажыратады.

Модельдеу типтері мен түрлерін сипаттай келе, авторлар когнитивті тәсілді де тілге тиек етеді. Когнитивті тәсіл бойынша ұсынылған үлгілердің ішіндегі кең таралғаны 80-ші жылдардың басында Роберт Шенктің шәкірті В.Лехнерт ұсынған модель болды. Автор компьютерлік сюжет генераторын құру жұмысы аясында түпнұсқалық формализм үлгісін ұсынды. Тәсілдің

мәні сюжетті кейіпкердің когнитивті және эмоционалды жағдайының дәйекті өзгеруі ретінде сипатталуында, яғни, модельдеудің дәл өзі сюжеттің сипаттамаларын қамтиды. Бұл бағыт когнитивтік лингвистика шеңберінде белсенді дамып, сценарийлік модельдеуде қолданылатыны жәйлі авторлар хабардар етеді.

Біз адамның миына үңіліп, ондағы іс - әрекеттің қалай әріптермен, дыбыстармен, сөздермен, тілдің барлық мүмкін қолданыстарымен жасалатынын көре алмаймыз. Сондықтан функционалдық үлгілер шеңберінде осындай мәселелерді шешу үшін репродуктивті инженерия және лингвистикалық үлгілер ажыратылатыны анықталды. Олар компьютерлік жүйелер, олардың әрекеттері, бір жағынан, нақты тілдік нысандардың мінез-құлқына еліктейді, ал екінші жағынан, осы нақты нысандарды, кем дегенде, ішінара көбейтуге мүмкіндік береді [6, 138-140 бб.].

Зерттеу нәтижесінде ғылыми стильдегі жазылым түрлерін модельдеу, атап айтқанда эссе, бакалавриат, магистратура, докторантура студенттерінің ғылыми- зерттеу жұмысы, ғылыми жоба, стартап жоба, әлеуметтік, ғылыми баяндама, дипломдық жұмыс, ғылыми мақала сияқты жұмыс түрлерінің лингвистикалық моделін даярлауда жалпыдан жекеге қағидасы қолданылмақ. Лингвистикада тілдің қызмет ету мәнін, сөйлеу мен мәтінді құрастыру, оны қабылдау механизмін ашуға мүмкіндік беретін функционалды үлгілерге және сюжеттік құрылымды модельдеуге ерекше көңіл бөлініп, модельдердің аталған түрлерін басшылыққа ала отырып, тілдік даярлау ұсынылды.

Қорытынды

Академиялық жазылым қамтитын барлық жазба түрлеріне үлгілер даярлап, электронды контент жасау мақсатында зерттеліп отырған мәселенің алғышарттары ретінде қарастырылған академиялық жазылымның ғылым саласында алатын орны, академиялық жазылымның отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектерінде зерттелу жайы баяндалды. Бакалавр, магистратура, докторантура деңгейінде ғылыми жұмыстардың құрылымдық және стильдік ерекшеліктері, жазуға және рәсімдеуге қойылатын негізгі талаптар, эссе, ғылыми зерттеу жұмысы, ғылыми жоба, стартап жоба, әлеуметтік, ғылыми баяндама, дипломдық жұмыс, ғылыми мақаланың жазылуына қойылатын талаптар анықталды. Зерттеу нәтижесінде алынған деректер негізінде тілдік үлгілер даярланып, даярланған лингвистикалық модельдерді көпшілік назарына ұсыну зерттеудің түпкі мақсаты болғандықтан, мақалада тілдік үлгілердің классификациясы ұсынылды.

Функционалдық үлгілер аналитикалық және синтетикалық болып бөлінеді. Белгілі бір тілдің толық аналитикалық үлгісі модельді енгізу кезінде мәтіннің белгілі бір бөлігін қабылдайды және ақпаратты жеткізу кезінде арнайы семантикалық метатілде жеткізіледі. Тілдің толық синтетикалық үлгісі толық аналитикалық модельге қарама қарсы бола отырып, модельді енгізуде семантикалық жазбаны немесе мағынаның белгілі бір бөлігінің бейнесін алады, ал ақпаратты жеткізу барысында синонимдік мәтіндер жиынтығын береді. Анализ және синтез үлгілері аударма үлгісінің, атап

айтқанда, автоматты аударма үлгілерінің және әртүрлі «жасанды интеллект» жүйелерінің моделін беруде тиімді болмақ [7, 10-12 бб].

Үлгілерді зерттеген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалып, олардың ішіндегі түпкілікті мақсатқа сай келетін түрлеріне толығырақ үңіліп, түрлеріне, мақсаттарына қарай, саралай отырып анықтадық. Зерттеу нәтижесінде функционалды модель және сюжеттік құрылымды модель таңдалып алынды.

Зерттеуіміз болашақта жалғасын таппақ, және осы таңдалып алынған үлгілер негізінде құрастырылған тілдік модельдер, академиялық жазылым қамтитын жазудың барлық түріне даярланып, көпшілік назарына ұсынылмақ.

ӘДЕБИЕТ

[1] Апресян Ю. Д. Идеи и методы современной структурной лингвистики. – Москва: Просвещение, 1966. – 304с.

[2] Beavis. C. Digital culture, digital literacies: Expanding notions of text, Pictures of English: Teachers, learners and technology. – Adelaide: Wakefield Press, 2001. – 145 p.

[3] Goodfellow R. Literacy, Literacies and the Digital in Higher Education. –Teaching in Higher Education, 2011.16(1). –131 p.

[4] Короткина И. Б. Модели обучения академическому письму: учебное пособие для вузов – Москва : Юрайт, 2018. – 219 с.

[5] Кудрявцева Е.Г. Понятие «языковая модель» в лингвистике, философии и культурологии // Культура и цивилизация. –№ 1А. –2018. – 134-141с.

[6] Оспанов Е. Академиялық жазылым негіздері. Оқу құралы. – Алматы: 2020. –74 б.

[7] Розина И. Н. Цифровая грамотность в курсе «Академическое письмо»: Образовательные технологии и общество. – № 4. – 2018. –19 с.

REFERENCES

[1] Apresyan YU. D. Idei i metody sovremennoj strukturnoj lingvistiki (Ideas and methods of modern structural linguistics). – Moskva: Prosveshchenie, 1966. – 304 s. [In Rus.]

[2] Beavis. C. Digital culture, digital literacies: Expanding notions of text, Pictures of English: Teachers, learners and technology. – Adelaide: Wakefield Press, 2001. – PP.145-161.

[3] Goodfellow R., (2011)Literacies and the Digital in Higher Education. –Teaching in Higher Education, vol.16, no 1. pp.131-144.

[4] Korotkina I. B. Modeli obucheniya akademicheskomu pis'mu: uchebnoe posobie dlya vuzov (Models of teaching academic writing: a textbook for universities). – Moskva : YUrajt, 2018. – 219 s. [In Rus.]

[5] Kudryavceva E.G. Ponyatie «yazykovaya model'» v lingvistike, filosofii i kul'turologii (Consert of language model in linguistics, philosophy, and cultural studies). // Kul'tura i civilizaciya. –№ 1А. –2018. – 134-141с. [In Rus.]

[6] Ospanov E. Akademiyalyk zhazylym negizderi. (Basics of academic writing). Оқу құралы. – Алматы: 2020. –74 б. [In Kazakh]

[7] Rozina I. N. Cifrovaya gramotnost' v kurse «Akademicheskoe pis'mo» (Digital literacy in the course "Academic writing"): Obrazovatel'nye tekhnologii i obshchestvo. – № 4. – 2018. – 19 s. [In Rus.]

ЯЗЫКОВЫЕ МОДЕЛИ ДЛЯ ПОДГОТОВКИ ЭЛЕКТРОННОГО КОНТЕНТА АКАДЕМИЧЕСКОГО ПИСЬМА

Оданова С.А.¹, * Молдабаева К.Е.²

¹ассоциированный профессор Казахского университета международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, кандидат филологических наук, Алматы, Казахстан

* ²докторант Казахского Национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан.

¹ e-mail: sagira68@mail.ru

*² e-mail: k.moldabaeva@aes.kz

Аннотация. В статье рассматривается проблема составления электронного контента путем создания лингвистических моделей всех видов письменных работ: эссе, исследовательские проекты, стартап-проекты, социальные, научные отчеты, диссертации. Областью изучения академического письма являются также письменные работы обучающихся на бакалавриате, в магистратуре и докторантуре, включая требования к написанию научных статей и докладов. С учетом того, что создание электронного контента академического письма вытекает из требований современной науки и цифровых технологий, в данной статье уделяется особое внимание определению целей и задач создания электронного контента. В свою очередь, электронный контент предоставляет широкие возможности соискателям самостоятельно вырабатывать навыки применения академической письменности с использованием шаблонов и сетевых конструкторов. Для достижения поставленных целей в статье проводится аналитический разбор всех видов языковых моделей и определяется понятие «модель». Авторы классифицируют лингвистические модели по их типу, категории, классу, в зависимости от их назначения – по их цели использования в научном познании, применении в образовании, в системном проектировании и в управленческой сфере. Следующие виды моделей, такие как: комбинированные (аналитико-имитационные), информационные (кибернетические), функциональные модели, структурные модели, схематические модели, метафорические модели, метонимические модели и другие виды лингвистических моделей, которые, по мнению авторов, могут быть полезны при составлении лингвистических шаблонов, были выявлены при аналитическом разборе. В данной статье также рассмотрены такие принципы, как адекватность, соответствие модели решаемой задаче, упрощение при сохранении существенных свойств системы, соответствие между требуемой точностью результатов моделирования и сложностью модели, которым должна удовлетворять правильно построенная модель. В статье проводится основательный анализ функциональных моделей, в результате чего было установлено, что данный вид модели эффективен для создания лингвистических шаблонов при написании академического письма.

Ключевые слова: академическое письмо, электронный контент, лингвистическая модель, функциональная модель, структурная модель, динамическая модель, сетевой конструктор.

LANGUAGE MODELS FOR THE PREPARATION OF ELECTRONIC CONTENT OF ACADEMIC WRITING

Odanova S.A.¹, * Moldabayeva K.E.².

¹ associated professor, candidate of philological sciences of Kazakh Abylai khan university of international relations and world languages, Almaty, Kazakhstan, ¹ e-mail: sagira68@mail.ru

* ² doctoral student of Kazakh national women's teacher training university, Almaty, Kazakhstan

*²e-mail: k.moldabaeva@aes.kz

Abstract. The article describes the problem of compiling electronic content by creating linguistic models of all types of written work such as essays, research projects, start-up projects, social, scientific reports, dissertations, requirements for writing a scientific article and other written works of bachelor, masters and doctoral students considered by academic writing. Taking into account the fact that the creation of electronic content of academic writing follows from the requirements of modern science and digital technologies, the article focuses on defining the goals and objectives of creating electronic content, which are to provide applicants with the opportunity to independently acquire academic writing skills using network designers. For this purpose, an analytical analysis of all types of models and the definition of the concept of "Model" are carried out. The authors classify linguistic models according to their type, category, class, depending on their purpose, according to their purpose of use in scientific knowledge, application in education, application in system design and management. The following types of models, such as combined (analytical-simulation), informational (cybernetic), functional models, structural models, schematic models, metaphorical models, metonymic models and other types of linguistic models that, according to the authors, may be useful in compiling linguistic patterns, have been identified and analysis was carried out. Such principles as adequacy, correspondence of the model to the problem being solved, simplification while maintaining the essential properties of the system, correspondence between the required accuracy of the simulation results and the complexity of the model, which a correctly constructed model must satisfy, were also considered in this article. The article carried out a thorough analysis of functional models, as a result it was found that this type of model is effective for creating linguistic templates for written works of academic writing.

Keywords: academic writing, electronic content, linguistic model, functional model, structural model, dynamic model, network constructor.

Статья поступила 26.01.2022